**Мәслихаттың 2009 жылғы 5 мамырдағы № 202 "Біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2010 жылғы 22 қыркүйектегі № 369 шешімі. Қостанай облысы Лисаков қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 11 қазанда № 9-4-172 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2013 жылғы 4 қаңтардағы № 86 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 04.01.2013 № 86 шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы " Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының 36-бабына сәйкес Лисаков қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Мәслихаттың "Біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы" 2009 жылғы 5 мамырдағы № 202 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-4-144 болып тіркелген, 2009 жылғы 4 маусымда " Лисаковская новь" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта "жеке тұлғалар" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "жеке тұлғалар" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оны алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс сессияның төрайымы, қалалық мәслихатының хатшысы Т. Кривошея*

*КЕЛІСІЛДІ*

*"Лисаков қаласы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы*

*_____________ М.Уржанов*

Мәслихаттың
2010 жылғы 22 қыркүйектегі
№ 369 шешіміне қосымша
Мәслихаттың
2009 жылғы 5 мамырдағы
№ 202 шешіміне 1-қосымша

# Базарлардың аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, Лисаков қаласының базарларында тауарлар өткізу жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны

| № | Базардың атауы, орналасқан жері | Қызметтің түрі | Объектінің алаңы | Біржолғы талонның құны (теңге) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Екінші шағын ауданындағы 2 санатты "Довлан" базары | Азық-түлік тауарларын сату | Бір сауда орны | 140 |
| 2. | Екінші шағын ауданындағы 2 санатты "Довлан" базары | Азық-түлік емес тауарларын сату | Бір сауда орны | 110 |
| 3. | Бірінші шағын ауданындағы 3 санатты азық-түлік емес шағын базары | Шаруашылық тауарларын, автомобильдік қосалқы бөлшектерін сату | Бір сауда орны | 25 |
| 4. | Бесінші шағын ауданындағы 3 санатты әмбебап шағын базары | Азық-түлік және азық-түлік емес тауарларын сату | Бір сауда орны | 25 |
| 5. | Алтыншы шағын ауданындағы 3 санатты "Сауда үйі" әмбебап базары | Азық-түлік тауарларын сату | Бір сауда орны | 140 |
| 6. | Алтыншы шағын ауданындағы 3 | | | 110 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | санатты "Сауда үйі" әмбебап базары | Азық-түлік емес тауарларын сату | Бір сауда орны | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК